Автор: Қойбағарова Лаззат Ануарбековна
Пән: Математика
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Сандар және цифрлар
Тақырып: Реттік санау

Реттік санау	1.1.1.1**натурал сандардың және нөл санының құрылуын түсіну
Реттік санау	10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау; олардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтау

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Реттік санау (05.09.2019.)	Сабақта жоспарланған іс-әрекет Психологиялық тренинг. Ө. «Кім бірінші тұр?»әдісі. 10 оқушыны қатарға тұрғызып ретімен санатамын. Кім бірінші тұр? Нешінші тұрғанын анықтайды,атын атайды.Содан соң оңнан солға қарай және солдан оңға қарай санайды. Соңғы тұрған оқушыны анықтап, нешінші тұрғанын сұрап атын атап айтады. Барлық оқушыны ретімен санатамын. бірінші,екінші,үшінші ..... Оқушыларға мына сөздердің айырмашылығы бар ма? деген сұрақ қойылады. «Он оқушы» және «Оныншы оқушы» Біз соңы жағдайда реттік санауды қолданатынымызды айтып кетемін. ҚБ: (үш шапалақ арқылы бағалаймын) Сәйкестендір» әдісі .(Ж) БК.1/2 Бірінші қатарда орналасқан 4-ші алманы белгіле? 3-ші қатарда орналсқан 10 –шы алманы қоршап сыз. 1-ші қатар 2-ші қатар 3-ші қатар Дескриптор: -Бірінші қатардағы алманы табады. -Үшінші қатардағы алманы табады. Саралау: тапсырма (Оқушыларға заттарды реттік санаудың сандық санаудан айырмашылығын түсінуге көмектесемін) ҚБ: « Смайлик» «Ойлан ,бірік,талда.» әдісі. Ж.БК2 Берілген суреттен ұл бала нешінші қабатта тұр, телефонмен сөйлесіп тұрған қыз нешінші қабатта тұрғанын тап. Оң жақтағы терезеден кім қарап тұр? Сол жақтағы бірінші терезеден неше баланы көріп тұрсың ? Сол балаларды тауып айт. Дескриптор: -ұл баланың қай қабатта тұрғанын анықтайды. -қыз баланың қай қабатта тұрғанын анықтайды. -оң жақтағы терезеде тұрған баланы анықтайды. -Сол жақтағы бірінші баланы анықтайды. Саралау:Диалог және қолдау.(қойылған сұрақтардың жауабын таптыру мақсатында сандардың орналасу бағытын, реттік санауды үйретемін) ҚБ: «От шашу» арқылы бағалаймын. «Бұл кім?»әдісі.Ж.БК:2 Ө: Оқулықтағы тақырыптық суреттер бойынша Нешінші болып жүгіріп келеді? Спортшылар қандай ретпен жүгіріп келеді? Спортшылардың реттік номерін жаз. Әр суреттің астына аттарын жаз Дескриптор: - спортшылардың жүгіріп келу ретін жазады. - Әр суреттің астына спортшылардың аттарын жазады. Саралау:Диалог және қолдау.(қойылған сұрақтардың жауабын таптыру мақсатында сандардың орналасу бағытын, реттік санауды үйретемін) ҚБ: бағдаршам түстері арқылы бағалаймын. (Ө)Дәптермен жұмыс: (мұғалімнің көмегімен тапсырмаларды орындайды.) Сергіту сәті: санамақ айту. «Санды белгіле » әдісі өрмекшінің аяқтарына сандарды тура ретпен жаз және кері ретпен сана. Реттік орнын есте сақта. Дескриптор: - Өрмекшінің аяғына сандарды тура жазады - Өрмекшінің аяғындары сандарды кері санайды - Сандардың орнын анықтайды-	Спортшылар суреттері. суретері. https://www.youtube.com/watch?time_continue=18&v=LJzDtHK_Rpo